

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 қыркүйектегі N 884 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Зеленстрой" НС фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы Президентінің Астана қаласындағы "Шағала" резиденциясының объектілерін (бұдан әрі - объектілер) салу бойынша 2006 жылға арналған сатып алудың маңызды стратегиялық мәні жұмыстарды беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен объектілерді салу жөнінде жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2) ақшаны онтайлы және тиімді жұмсау қағидатын, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабының 3 және 4-тармақтарын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі